

1. Понятие о коммуникативных навыках, коммуникативном процессе. Значимость коммуникативных навыков в профессиональной деятельности врача.

2. Барьеры, препятствующие эффективному общению врача и пациента.

3. Медицинское интервью. Опрос пациента.

4. Общение с пациентами, имеющими психические нарушения.

5. Личность врача. Психологические требования к личности врача.

Психологические характеристики, которыми должен обладать современный врач, располагающий высоким уровнем коммуникативной компетентности.

«Введение в клинику»

1. Типы лечебно-профилактических учреждений (ЛПУ) и их структура. Организация работы медицинского персонала в стационаре.

2. Санитарно-противоэпидемический режим в стационаре. Понятие о внутрибольничной инфекции. Дезинфицирующие средства и правила работы с ними.

3. Личная гигиена пациента. Гигиенические требования к постельному и нательному белью. Патологические изменения на коже пациента: опрелости (мацерация), пролежни их профилактика и лечение.

4. Принципы здорового питания. Организация лечебного питания в ЛПУ. Характеристика лечебных диет

5. Понятие о лихорадке. Периоды лихорадки и особенности ухода за больным.

Программа предполагает изучение студентами данных тем на кафедрах «Коммуникативные навыки» и «Введение в клинику» на втором языке, то есть, студентами русскоязычного потока – на казахском, студентами казахоязычного потока – на русском языке.

Как показывает практика, эффективность работы с текстами достаточно высока. Содержание текста позволяет дать коммуникативные задания, выполнение которых способствует выработке навыков профессионального общения студентов-медиков, в ряде случаев имитирующих речь врача.

Таким образом, работа по формированию профессиональных качеств у студентов-медиков, создание условий для профессионального общения проводится нами на учебных текстах. При их подборе критериями являются познавательная ценность текста, насыщенность специальной медицинской лексикой, профориентационная направленность.

Литература:

1. Кудрявая Н.В. Педагогика в медицине. М.: Академия., 2006. – 320 с.

2. Аканов А.А., Абирова М.А., Балтабаева Э.О. и др. Алматы, КазНМУ. Трехязычного обучения в КазНМУ., 2009. – 18 с.

Мақала, медицина саласында оқытын, студенттердің пәнаралық байланыса кәсіби сөйлесе білуді оқыту рөліне арналған. Себебі, тіл меңгеру мамандар арасындағы шынайы құрал, кәсіби сөйлесе білуді оқыту студенттерді дайындау барысындағы қажетті қадам болып саналады.

Article is devoted to role of connection between disciplines in teaching professional communication of medicine students. Because teaching professional communication is necessary step for preparing students in mastering language as real tool for communication among experts.

УДК 378.126

ҚҰЗЫРЕТТІ МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ – ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ РЕТІНДЕ

Л.Қ. Қаражанова, Ж.Қ. Смаилова

Семей қ. мемлекеттік медициналық университеті

Қоғамдағы жаһандану үрдістері соңғы уақытта жоғары медициналық білім беру саласында да айқын көрініс бере бастады. Бұл табиғи құбылыс, өйткені, медицина- жалпыға ортақ мамандық және медициналық зерттеулер мемлекет аумағынан асып кетеді. Бүгінгі таңда медициналық білім беру жүйесінің соңғы «өнімінің» қандай болу керектігі, қоғамда туындаған қажеттіліктерге байланысты медициналық жоғары оқу орнында білім алушылар қандай құзыреттерге, білімге, шеберліктерге, ұстанымдарға ие болу керектігі туралы нақты ақпараттар болуы қажет. Білім, шеберлік, қарым-қатынас сияқты 3 басты бөліктен тұратын құзыреттерді қалыптастыру - білім берудің құрылымын анықтайды.

Қоғам қажеттіліктерін қамтамасыз ететін мамандардың құзыреттерін анықтау - кәсіптік дайындық бойынша оқу бағдарламаларын жасаудың құқықтық негізін құрайды. Осыған сәйкес денсаулық сақтау саласының талаптары, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және дәрігер маманның кәсіптік құзыреттілігі арасындағы байланыс үлгісі ұсынылды (1-сурет).


Осы 1-сурет бойынша медициналық жоғары білім берудің негізі-Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары болып табылады. Оларды басшылыққа

ала отыра, жоғары оқу орнында денсаулық сақтау саласының біліктілік талаптарын ескеріп, білім алушының құзыреттілік үлгісі қалыптасады. Яғни, құзыреттілік тұрғыдан мамандарды дайындау - жоғары медициналық оқу орнындағы білім беру үрдісін әртүрлі тұрғыдан жоспарлауға, ұйымдастыруға, әсіресе білім алушының табысын бағалауға, оның қоғам қажеттілігіне орай денсаулық сақтау саласында жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыруға ықпал етеді.

Олай болса, медицина мамандығына қатысты мамандардың кәсіптік құзыреттілігінің төрт түрін, атап айтқанда, негізгі құзыреттіліктер, жалпы кәсіптік құзыреттіліктер, арнайы құзыреттіліктер және тар шеңберлі мамандық құзыреттіліктерді қарастыруға болады.

Негізгі құзыреттіліктер жоғары оқу орны түлегінің құзыреттілік үлгісінің негізі болып табылады. Бұл құзыреттіліктер мамандық саласына қатысты емес, алайда оларды кез-келген маман игеруі тиіс, сонымен қатар негізгі құзыреттіліктер маманға өзін жеке тұлға ретінде толығымен көрсетуге мүмкіндік береді.

Негізгі құзыреттіліктердің маңызды ерекшеліктері олар түлекке қажет болған жағдайда еңбек нарығына енуіне, басқа да мамандық саласы бойынша өз орнын табуға ықпал етеді.



A - тар шеңберлі мамандандырылған құзыреттіліктер; B - арнайы құзыреттіліктер;
C - жалпы кәсіптік құзыреттіліктер; D - негізгі құзыреттіліктер

Сурет 1 – Құзыреттілік деңгейінің қалыптасу үлгісі

Жалпы кәсіптік құзыреттілік – болашақ дәрігер маманның кәсіптік қызметіне байланысты, негізгі пәндер бөлімі бойынша қалыптасады.

Мамандандырылған немесе арнайы құзыреттілік нақты мамандық деңгейі бойынша анықталады. Бұл құзыреттіліктер кәсіби мәселелерді шешуге маманның мамандық саласындағы білімін, шеберлігін, дағдыларын пайдалануы арқылы сипатталады.

Тар шеңберлі мамандық құзыреттілігі кәсіптік қызмет түрінің белгілі-бір саласы, айталық, гематология, нефрология, эндокринология және т.б. бөлімдер бойынша қалыптасады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес, жоғары медициналық білім берудің негізгі жалпыұлттық мақсаттары әрбір адамға білім арудың түрін, мерзімін таңдап алуға кеңінен мүмкіндіктер жасау арқылы жан-жақты жоғары білімді, интеллектуалды, өздерінің кәсіби қабілетін іске асыра алатын мамандар даярлау болып табылады. Ұлттық жоғары білім берудің концептуалды негізі - жалпы медицина дәрігерін жоғары кәсіптік деңгейде дайындау және болашақ мамандардың жан-жақты терең білім алуына бағытталған.

Олай болса, денсаулық сақтау саласының мамандарын дайындаудың басты постулаттарының бірі

– кәсіптік құзыреттіліктің сапасын, деңгейін бағалау және кәсіптік қызметке рұқсат беру жүйесінің «өмір бойы білімді жетілдіру» ұстанымына негізделуі болып табылады, бұл медицина қызметкерлерінің өз білімін, шеберліктерін, тәжірибелік дағдыларын және сәйкес мамандыққа қатысты кәсіптік құзыреттіліктерінің деңгейін үнемі жетілдіріп, жаңартып отыру қажеттілігін тудырады, яғни денсаулық сақтау мамандарын құзыреттілік тұрғыдан дайындау бағыты озық дамуда болуы және қоғам қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Әдебиет:

1. Аканов А.К., Хамзина Н.К., Ахметов В.И. ж.б. Медицинское образование, основанное на компетенциях: проблемы и перспективы. - Алматы, 2010. - 144 с.
2. Жузжанов О.Т., Каирбекова С.З. Некоторые подходы к разработке системы критериев профессиональной компетенции кадровых ресурсов // Центрально-Азиатский научно-практический журнал. - 2006. - № 1. - С. 22-25
3. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // «Высшее образование сегодня». - 2003. - № 5. - С.10-14
4. Международные стандарты Всемирной Федерации Медицинского образования (ВФМО). - Дания, 2003. - 344 с.

**Подготовка компетентных медицинских специалистов – как актуальная проблема общественного здравоохранения
Л.К. Каражанова, Ж.К. Смаилова**

В данной работе авторами рассматриваются вопросы формирования профессиональной компетентности обучающихся медицинских вузов. Мировые тенденции глобализации и развития высшего профессионального образования требуют иного подхода к подготовке специалистов медицинского профиля. Особую роль в становлении системы образования в медицинском университете приобретает значимость такого понятия как уровни формирования компетентностей.

**Preparation competence experts in the higher medical institution of formation
L.K. Karazhanova, Zh.K. Smailova**

In the given work as authors development tendencies competence the approach in the higher vocational training are considered. World tendencies of globalization and development of the higher vocational training demand other approach to preparation of experts of a medical profile. The special role in education system formation at medical university is got by the importance of such concept as professional competence.